

## **PANORAMA: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I**

Афроеуразия кеңістігі: егіншіліктің  
өркендеуі – қалалардың өркендеуі





## Кіріспе

Ғалымдардың есептеуінше аграрлық дәуір енді басталған кезде б.з.д. 8000 жылдарда әлем халқы 6 миллион адамды құраған, ал б.з.д. 1000 жылдарда шамамен 120 миллионға жеткен. Әлем тұрғындары санының бұл өзгерісі адам баласының алдыңғы 200 мыңжылдық тарихымен салыстырғанда кенеттен жылдам қарқынмен көбейгенін көрсетеді. Б.з.д. екінші мыңжылдық ішінде, яғни б.з.д. 1999–1000 жж. халық саны ең жылдам қарқынмен өскен аймақ Афроеуразия еді.

Америкада да халық өсімі жоғарғы көрсеткіштерді көрсетті, әсіресе өсімдік шаруашылығы дамыған Орталық Америка мен Анд таулары аймағында өсу қарқыны жылдам болатын. Соның өзінде, Американың барлық тұрғындарының саны б.з.д. 1000 жылдарға таман 4,5 миллионды ғана құрауы мүмкін еді, ал бұл көрсеткіш сол уақыттағы Афроеуразия халқының 4%-ына да жетпеді.

Б.з.д. екінші мыңжылдықта халық саны жалпы әлем бойынша экстенсивті сипатта өсті, мұндай өзгеріс шағын егінші және бақташы қауымдардың көбеюі есебінен жүзеге асты. Ал, халық санының интенсивті өсуі технологиялық жаңалықтар мен шаруашылық өнімдерінің көбейген халықты, тіпті, қалаларды жеткілікті деңгейде қамтамасыз ете алатын аймақтарда байқалды. Осы жерде б.з.д. екінші мыңжылдықта экстенсивті және интенсивті өсуді қатар басынан кешірген төрт аймақты қарастырамыз: Шығыс Жерорта теңізі алқабы (әсіресе, Эгей теңізі жағалаулары мен аралдары), Батыс Еуропа, Орталық Азия және Шығыс Азия.

Алдыңғы дәрістерімізде қарастырған үш өзен алқабындағы өркениеттердің интенсивті даму кезінде толассыз техникалық өнертабыстардың орны өте маңызды болды. Олардың қатарында мысалы дөңгелек, кірпіш жасау, қыш күйдіретін пеш, гидравликалық суармалы құрылғылар, жұлдыздар картасы, дамыған жазу мен есептеу жүйесі болды. Б.з.д. екінші мыңжылдықта бұл технологиялардың біразы Афроеуразияның басқа бөліктеріне еніп, жетіле түсті. Жаңа құралдар мен әдістер шаруашылық өндірісіне, қала өнеркәсібіне, алыс аймақтар арасындағы қарым-қатынастың дамуына теңдессіз үлес қосты. Шыны жасау, мықты кеме құрылысы, жеңілдірек дөңгелікті арба сияқты көптеген жаңа әдіс-тәсілдер жер бетіне кеңінен тарап кетті. Б.з.д. үшінші мыңжылдықта пайда болған қола металлургиясы мен жануарларға жегілетін соқа қоғамдық маңызға ие өнертабыстардың ішінде үздіктердің қатарынан санауға болады.

## Қола жасау

Тарихта ойып тұрып орын алатын қола металлургиясы ерекше тоқталуды қажет ететін маңызды мәселе. Әлемді өзгерткен жаңалықтардың бірі саналатын қола жасау жайлы оқулық авторлары бірнеше аспект тұрғысынан нақты дәлелдемелерді алға тартады. Б.з.д. екі-үшінші мыңжылдық аралығында Еуразия мен Солтүстік Африканың археологиялық ескерткіштерінен мыңдаған қола құралдары: құтылар, ат арба әбзелдері, әшекей бұйымдар табылғандықтан, ғалымдар ақыр соңында бұл дәуірге қола дәуірі деген ат берді.

Шамасы б.з.д. 3000 жылдар төңірегінде ұсталар мысты азғантай ғана күшәла немесе қалайы қосып балқытса, қасиеттері қарапайым мыстан әлдеқайда жақсырақ болатын жаңа металл шығатынын ашты. Бұл қоспаны шығару оңайға түсіп, қолдану мерзімі де ұзарып, жүздері де өткірліктерін сақтады. Қалайы қосылған мыс бірте-бірте қалыпқа айналады. Өйткені металлургия күшәләмен жұмыс істегендердің тұрақты түрде уланып қалатындарын аңғарған.

Месопотамиядағы Шумер қалаларының қолөнершілері қоладан әшекей бұйымдар және ғұрыптық заттармен қатар, балталар, орақтар, қашаулар және найзалар жасаған. Бұл технология Ніл мен Инд алқабына да жеткен. Дегенмен тың ойлар мен жаңашылдықтардың орталығы жалғыз Месопотамия болмады. Қыш бұйымдарды күйдіру үшін оларды пешке қойған сайын қоныс тұрғындары әртүрлі металл қоспаларын жоғары температурада бірге балқыту жайлы ойларын жүзеге асырған.

Авторлар б.з.д. үшінші мыңжылдық ішінде солтүстік Қытай өнертапқыштары қола өндірісін дербес ашуы да мүмкіндігін жоққа шығармайды. Дегенмен Оңтүстік-Шығыс Еуропа пен Оңтүстік-Шығыс Азияның құрлық бөлігі де дербес өнертапқыштар қатарына үміткер десек



те болады. Түп тамыры қайдан болса да, қола металлургиясы Еуразия мен Солтүстік Африка шегінде шаруашылық өнімділігіне қоса одан әрі күрделене түскен әлеуметтік және саяси құрылымның ілгері жылжуына үлкен себеп болды.

**Қола дәуірі** – дүниежүзіндегі ең озық металлургия технологиясы пайда болған б.з.д. үшінші және екінші мыңжылдықтар дәуірі.

Қола дәуірінің тарихи маңыздылығы жайлы көп мәліметтер бар. Алайда сіздер мына мәселені ескеріңіздер: қола өндірісінің, тасымалының, оны қорытудың шығыны көп болғандықтан қола бұйымдар көпшілік шеберлердің, екінші бірінің қолына түсе бермейтін еді. Мыс кені табиғатта көп кездескенімен, қалайы жайлы олай айта алмаймыз. Месопотамия мен Инд алқабының қола ұсталары үшін қалайының бірден-бір көзі Ішкі Еуразиядағы кен орындары еді. Жүздеген шақырым жерден қалайы тасымалдайтын көпестер оның құнын анағұрлым асырып саудалайтын. Қоладан жасалған құралдар, қару-жарақ және қолөнер бұйымдары жоғарғы тап немесе саяси билік нышаны ретінде, әсіресе, ер адамдар арасында зор әлеуметтік құндылыққа ие болды.

Осы тұста ерекше айта кетер жайт: қоладан жасалған қылыштың, қысқа найзаның, жебе ұшының, дулыға мен сауыттың кең өндірілуі арқасында соғыстардың саны еселеніп, билеушілердің күш-қуаты осыған дейін болмаған дәрежеге жетті. Өндірістің белең алуы кен өндірісінде жүрген, пеш қалау, ұсталық, кеме салу және қолөнермен айналысатын жұмысшылар үшін көптеген жаңа кәсіптерге жол ашты.

## Жер жырту

Б.з.д. 3 мыңжылдықтың екінші маңызды жаңашылығы соқа еді. Соқа дегеніміз – өгіз, ат немесе есек жегіп, жер жыртатын құрал. Егін егу алдында шаруа топырақты майдалап, қопсытып, арам шөптерден тазалауы керек болатын. Әрине адамдар бұл жұмысты тесе және кетпенмен де істей алды, бірақ жануар жегілген соқа әлдеқайда ауқымды жерді жылдамырақ әрі адам күшін қажет етпей-ақ жыртты. Б.з.д. 3000 жылдардан кейін шумерліктер Тигр-Евфрат алқабының жұмсақ, икемге оңай келетін топырағын қопсыту үшін қарапайым өгіз жеккен соқаларды пайдаланды.

Бір немесе екі жануарды ағаш соқаға жеккен адамдар астықты әжептәуір көбейте алатындарын байқаған. Нәтижесінде егіншілер көбірек алқаптарды босатып, қыстақтар тұрғызу үшін батпақтарды құрғатып, ормандарды шапқан. Аталған инновация арқасында Үндістан мен Жерорта теңізі аралығындағы халықтың саны өсе бастады. Дегенмен кейбір аймақтарға соқаның керегі де шамалы болды. Мәселен, Солтүстік Қытайдың Хуанхэ өзен алқабы тұрғындары лесс деп аталатын оңай қопсытылатын топырақты өздерінің теселері мен кетпендері арқылы да еш қиындықсыз жыртатындарын білген. Қысқасы, соқа тек кейбір табиғи-экологиялық жағдайларда ғана тиімді шаруашылық құралы болды.

## Жерорта теңізі алабындағы күрделі қоғам және сауда

География пәні Африка, Азия және Еуропа құрлықтарын бір-бірінен Жерорта теңізі бөліп жатыр деп оқытады. Алайда Жерорта теңізін Афроеуразия суперконтинентінің ортасында орналасқан теңіз жағалауындағы халықтарды бір-бірімен байланыстыратын көпір ретінде елестетуге де болады. Жерорта теңізіндегі көптеген аралдар мен түбектер оны бірнеше шағын теңіздерге бөліп, адаспай жол табуға ыңғайлы етті. Шығыс Жерорта теңізінде орналасқан Эгей теңізі ежелгі теңізшілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Эгей теңізіндегі Крит аралынан табылған тас құралдарға қарап, алғашқы қауым адамдары теңізді жүзіп өтіп, аралға шамамен 130 мың жыл бұрын, бәлкім одан да ертерек келген деп жорамалдауға болады.

Б.з.д. 3000 жылдардан кейін Шығыс Жерорта теңізі жағалауында, дәлірек айтсақ, Ніл дельтасы мен Левант деген атаумен белгілі болған жағалауда егінші қауымдар мен теңіз сауда орталықтары көбейеді. Левант жағалауына қазіргі Израиль мен Палестина жері, Ливан мен Батыс Сирия кірді. Дәл осындай құбылыстар Эгей теңізінің жағалауы мен көптеген аралдарында жүрді. Негізінен таулы аймақ болып келген бұл жердің шаруалары тау бөктері



мен шағын жазықтарда егін егуге мәжбүр болды. Жануар жеккен соқаны қолдана бастағаннан кейін бұл өлке адамдары бірнеше жыл бидайдың мол өнімін алды.

Сондай-ақ, олар жоталарда жақсы гүлдеп, ыстық та шуақты жазды ұнататын зәйтүн ағашы мен жүзімді өсірді. Қоректік заттар мен қуатқа бай зәйтүн майын тамақ пісіру, жылыту, жарық беру, тамаша әтірлерді әзірлеу үшін қолданған. Шарапты пайдалану сумен таралатын микроорганизмдерден жұғатын ауруларды қысқартты және қоғамдағы өмірдің реңін кіргізгені де даусыз. Үлкен қыш құмыраларда сақталып, кеме арқылы оңай тасымалданған екі өнім Жерорта теңізі саудасының негізгі көзіне айналды.

Бұл өз кезегінде Эгей шаруаларының бидай, май, шарап, сонымен қатар, қой мен ешкіні де артығымен жинай бастауына байланысты байлық пен әлеуметтік жағдайдағы теңсіздіктің тоқтаусыз ұлғая беруіне әкелді. Кейбір адамдар ерекше қоғамдық немесе саяси мәртебесін білдіретін қоладан жасалған қару-жарақ және басқа да құнды ақіреттік заттармен бірге жерленген.

Көсемдер немесе ірі жер иелері жергілікті шаруалардан бекіністер, сарайлар, шеберханалар үшін салық жинай бастаған жерлерде кенттер пайда бола бастады. Осындай орталықтардың бірі талай тарихи деректер мен құнды жәдігерлерді қойнауында ұстап жатқан Троя болатын. Бекіністер мен тұрғын үйлерден тұрған бұл кешеннің б.з.д. үшінші мыңжылдықтағы билеушілері қола, күміс, алтын және асыл тастардан құралған көздің жауын алатын байлықтың иегерлері еді. Бұл туралы тарихи мәліметтер кейіннен небір тамаша кино туындыларының көрермендерге жол тартуына себепкер болды.

### Криттегі Миной қоғамы

Бұл атақты қаладан басқа Эгей теңізінің оңтүстік шегінде орналасқан ұзындығы 240 шақырымдай қашықтықтағы Крит аралында шағын қалалардың тамаша бірлестігі пайда болады. Аты аңызға айналған Миной патшаның құрметіне осылай аталған арал тұрғындары бұл орталықтарды б.з.д. 2000 жылдар шамасында тұрғыза бастады. Орталықтардың кейбіріндегі басты құрылыстар қоғамдық және жеке бөлмелерден, кең аулалардан және қоймалардан тұрған кешендер болды. Ақсүйектердің ауқатты тобы осы шағын сарайлардан зәйтүн, жүзім, бидай өсіріп, қой баққан қыстақ тұрғындарын бақылап отырды. Ең үлкен орталық болған Кносстың б.з.д. екінші мыңжылдықтағы тұрғындар саны 20 мыңға жеткен.

Аралдар мәдениетінде терең әрі ауқымдырақ болған Ніл мен Оңтүстік-батыс Азия қоғамдарының жақын орналасуы өркендеген Крит қоғамының пайда болуына ықпалын тигізгені анық.

Миной сәулет өнері, қабырға безендіруі мен діні Мысырдан бастау алған болар. Криттің наным-сенім жүйесіндегі орталық нышан болған бұқа құдай бейнесін мысырлықтар берген сияқты. 1500 шақырымдай шығыста жатқан Евфрат өзені бойындағы Мари қаласынан табылған сына мұрағатында осы қаланың Критпен байланыс орнатқандығы жайлы ақпарат сақталған. Минойлықтар жазу жүйесін де дамытқан. Ал олардың жазу жүйесін дербес қалыптастырған себебі ретінде құрлықтағы көршілерінен үйренген деп нақты айта алмаймыз. Сызықты деп аталған жазуды билеуші зиялы топ сарайға кіріс-шығыс заттардың есебін білу үшін қолданды. Бұл жазудың қалай оқылатыны әлі күнге дейін табылмады, сондай-ақ Миной тілі туралы да нақты деректер жоқ. Дегенмен ғимарат қабырғаларындағы суреттер мен безендірулерге қарасақ, халықтың не болмаса ақсүйектер тобының қоғамдық өмір мен табиғатқа деген көзқарасы мейірімге толы болғанын байқаймыз.

Сарай үйінділері астында қалааралық соғыстар жайлы ешқандай мәлімет те қалмады, жанарынан от шашқан құдайлардың алып мүсіндері де табылмады. Миной өнер туындыларын ойындар мен басқа да қоғамдық сайрандарда көңіл көтеріп жүрген ерлер мен әйелдердің бейнелерінен байқаймыз. Бұдан не түюге болады: біз алқаптағы ерте өркениеттерге қарағанда бұл қоғам әйелдері теңдік пен ықпалға ие болған деп айта аламыз. Миной мәдениетінен қалған заттай деректер тым аз болғандықтан мұндай тұжырыммен келісе бермейтін ғалымдар бар.



## Сауда-саттықтың өркендеуі

Б.з.д. үшінші мыңжылдықтан бастап Шығыс Жерорта теңізінің бірнеше аймақтарында қалалар гүлденді. Бұның бір себебі – теңіз саудасы болатын. Өйткені есек және өгіз жегілген арбаларды құрлықтың үстімен жетектеп өткеннен гөрі жүкті теңіз арқылы тасымалдаған арзанырақ әрі жылдамырақ болды. Шындығына келгенде, мұндай сауда-саттық Инд алқабы, Оңтүстік-батыс Азия және Мысырды байланыстыратын ежелгі желілердің кеңейгенінің көрінісі еді.

Эгей теңізінің қақпасы іспетті Криттің сарай орталықтары өздерінің осы орналасуынан пайда көрген. Миной саудагерлері суға кемелер флотын жіберіп, көршілес аралдарда өздерінің сауда орталықтарын тұрғызып, алыс аймақтарға Криттің жоғары сапалы зәйтүн майы мен жүннен тоқылған киімдерін шығарды. Библос (Библ) пен Угарит сауда орталықтары ретінде Левант жағалауында гүлденді. Осы қала көпестері Оңтүстік-батыс Азияның басым бөлігі мен Жерорта теңізі алқабы арасындағы саудада делдалдар ретінде пайдаға кенелді. Олар Ливан тауларынан әкелген ағаштарды, ағашқа тапшы Месопотамия мен Мысырға сатты, сонымен қатар, қола бұйымдарын, мақта-мата, әсіресе, ашық күлгін түсті киімдер жасап шығарды.

Жерорта теңізінің саудасы өркендеу үшін алыс сапарларға аттанып, ерлік көрсетудің қажеті жоқ еді. Ақыр аяғында Улубурун маңайында суға кетіп, қалдықтары теңіз түбінде жатқан кемелер бір кездерде аралдан аралға, шығанақтан шығанаққа қатынап, саудасын қыздырған еді. Жерге түскен кеме командасы айырбас саудамен айналысты. Улубурун кемесі теңізге жіберілгеннен кейін сапарын Шығыс Жерорта теңізі порттары арқылы сағат тіліне қарсы бағытта жалғастыруы мүмкін.

Кейбір батыл көпестер батыс көкжиекке дейін барып, Италия мен Сицилияға жол тапқан, содан олар жергілікті қарапайым егіншілер мен бақташыларға қалалық заттарды көрсетті. Б.з.д. екінші мыңжылдықтың аяғына таман алыс батыстың аграрлық қоғамдары, дәлірек айтсақ, Алжир, Марокко, Испания мен Португалия Транс-Жерорта теңізі сауда жүйесіне қосылды.

Билеуші топтардың материалдық қажеттіліктері сауданың одан ары құлаш жаюына себепші болды. Мәселен, Эгей теңізінің күш алып келе жатқан ақсүйектері күміс зергер бұйымдарды, мамықтай маталар мен әшекейленген қола қанжарларды тек жайлылық немесе ермек үшін ұстамаған. Бұл заттар – мәртебе мен дәулеттің нышандары еді. Олар символдар тілі арқылы зиялы топтың егіншілерден құралған қара халыққа үстемдігін орнатуға көмектесті. Ақсүйектерден тұрған жер иелері қарапайым халықтан алым-салық жинай алған жағдайда ғана сән-салтанат бұйымдарына қол жеткізетін еді. Көп жағдайда халықтың азғантай тобының мүддесі жетегінде кеткен Шығыс Жерорта теңізі экономикасы өркендеуін одан әрі жалғастырса керек.

## Қорытынды бөлім

Біз бүгінгі дәрісімізде Афроеуразия аумағындағы қола дәуірінің жаңашылдықтарымен, 8 мың жылға созылған неолит дәуірімен салыстырғанда б.з.д. екінші мыңжылдық Афроеуразияның солтүстіктегі ендіктерінде халық санының өсуі, аграрлық өмір салтының кең құлаш жаюы, қалалардың бой көтеруімен ерекшеленген түбегейлі өзгерістер кезеңі болғанына көзімізді жеткіздік.

Қорыта айтқанда, осы мыңжылдықтар ішінде бір-біріне қарама-қайшы процестер қатар дамыды. Бір жағынан, неғұрлым көп халық егіншілік немесе бақташылықты немесе екеуін бірдей қабылдады. Ал екінші жағынан олар өздеріне беймәлім бұл аудандарға тілдер мен мәдениеттің көптеген басқа элементтерін де таратты.

Сондай-ақ адам баласының жауын шашын мөлшері жоғары тропиктік ормандардан шөлейт шалғындарға дейін созылып жатқан жаңа табиғи-экологиялық жағдайларға бейімделуі үздіксіз мәдени жасампаздық пен қатаң реттеуді қажет етті. Басқа сөзбен айтсақ, Афроеуразияның тілдер және діни сенімдер мен әдет-ғұрыптық картасы барған сайын күрделене түсті. Кей жағдайда басқыншылықпен қатар жүрген көштер ұзақ уақыт бойы біртұтас келген қауымдардың бөлінуіне, салдарынан жаңа лингвистикалық және мәдени тармақтардың қалыптасуына себепкер болды.



Кітап: Рапортта: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 6. Афроеуразия кеңістігі: егіншіліктің өркендеуі – қалалардың өркендеуі

---

### Сұрақтар

1. Афроеуразия жеріндегі қола дәуір тіршілігі одан ерте дәуірлердегі тіршіліктен қандай аспектілер бойынша ерекшеленеді?
2. Қола дәуірі дамуындағы тенденциялар немен түсіндіріледі?
3. Әлем дамуының қола дәуіріне көшуіне не себепкер болды?
4. Афроеуразиядағы қоғамдастықтардың қарқынды немесе баяу дамуына қандай факторлар әсер етті?